**БЕКІТЕМІН:**
**Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С**

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : Милы бастауыш білім беретін мектебі,«Шұғыла» шағын орталығы
Топ: ересек
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 27.05 - 31.05.2024ж.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, | **"Бөлме өсімдіктеріне пульверизатормен су бүрку".** Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтағы ылғалдылықтың қажеттілігі жайлы | **"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).** Мақсаты: балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұяшыкка іліп коюды үйреніңіз.<br>**(еңбек дағдылары)** | ұқыптылыкка, баска біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты карауға тәрбиелеу; өз-өзіне кызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(еңбек дағдылары)** | кептіру, сүрту және орнына кою.<br>Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылыкты дамыту. Өз еңбегі мен баска адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | түсініктерін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты күтім жасауға тәрбиелеу. Өз бетінше суғару кажеттілігін аныктауға үйрету (өсімдіктің сырткы түркы және топырактың түсі мен калпына байланысты), суғару техникасын еске түсіру. | үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымкыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді кайта орнына тиянакты жинау.<br>Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. |
| | **ҚР. Гимнін орындайды.**<br>Міндеттер.<br>Балаларды патриоттык тәрбиені калыптастырады.<br>**(музыка)**<br><br>**Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз конакка келді".**<br>Максат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оку, пантомима ережелеріне сүйеніп, | **Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.**<br>Максат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сактау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>"Төрт досым".<br>Төрт досым жанымнан өткен:<br>Жаз, күз, кыс және көктем.<br>Ұмытпаймын не бүгін, не ертең. | **"Бірдей гүл жұбын тап" ойын-жаттығуы.**<br>Максат-міндеттер: балалардың кабылдау, зейін, ойлау кабілеттерін дамыту, гүлдердің түрлерін білуге машыктандыру.<br>Педагог балаларға бір аланның екі катарында орналаскан сегіз гүлдерді көрсетеді.<br>Балалар гүлдердің | **"Текшелер" құрастырғышымен ойындар.**<br>Максат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету кабілеттерін, ұсақ кол моторикасын дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдардан балабакша құрастырады.<br>Құралдары: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. | **"Дойбы" үстел үсті ойыны.**<br>Максат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрактандыру, логикалык ойлау кабілетін дамыту; байкампаздыкка тәрбиелеу.<br>Ойын максаты.<br>Карсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау.<br>**(математика** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, караса. (Қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ, ( "Түймедақ" - балалар ортаға шығып,кол бұлғайды)<br>Жайқалып тұр, тамаша,<br>Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса! | "Жаз, күз, қыс және көктем".<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(математика негіздері)** | арасында бірдей гүлдерді табу керек. Педагог гүлдерді атауға да шақырады.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(сурет салу)** | **(математика негіздері)**<br><br>**"Балабақша" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: мәтіннің мәніне, ырғағына сай қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу.<br>- Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу)<br>Біздің ортақ үйіміз.<br>Бізбен бірге, бізбен бірге (Орнында жүріп, шапалақтау)<br>Ойыншықтар, достарымыз.<br><br>Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, колдармен | **негіздері)**<br><br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.<br>("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды )<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br><br>Еңкейіп кеп, ерінбей,<br>(Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене, моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>Аударған А. Көкенова.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | жоғары шапалақтау)<br>Бізбен бірге қоймайды,<br>Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау)<br>Кейіпкерді сомдайды.<br><br>Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру)<br>Тенселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселу)<br>Оңға-солға бұрылады, (Қолдар белде, оң-солға бұрылу)<br>Жүреді болашаққа. (Орнында марш басу, қолдарды жоғары көтеру)<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | секіру)<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді | **"Менің ой-қиялым" шабыттану сәті.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау. | Жаз мезгілі туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | Жаз мезгіліне байланысты сюжетті суреттерге қарап әңгіме құрау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | Жаз мезгілі туралы жұмбақтар шешу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br><br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | - Балалар, қазір, сурет салу алдында, әрқайсымыз біраз ойнанып, әуенді тыңдап, шабыт алайық.<br>Құралдары: әдемі әуен жазбасы.<br>Жаттығу аяқталғаннан кейін педагог балаларды аралап, нені салуды ойлағандарын сұрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Жазғы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Жазғы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Жазғы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Жазғы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Жазғы демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылары)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап.<br>(Бақбақ)<br>**Бақылау.** Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру)**<br>Балалалардың ойын | **Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көрейік,<br>Шешуін кім табады?<br>(Қоңыз)<br>**Бақылау.**<br>Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына | **Шөптерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>«Айт» десе жүгірмес,<br>Су тисе сілкінбес.<br>(Шөп)<br>**Бақылау.**<br>Аулада өсетін өсімдіктерді танып білу, 3-4 түрін. Жапырақтарын, гүлдерін, тамырларын қарап көру. Гүлді жұлмауға, баспауға үйрету.<br>**Қимылды ойын «Бірінші болу». (дене шынықтыру)**<br>Бір сызықта тұрған әртүрлі заттарды айнала жүгіру. Ойын ережелерін бұзбай, жарысқа қатыстыру.<br>**Еңбек.**<br>Тәрбиешінің көмегімен жұмысты | **Бағбанның жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Жеміс біткен бау-бақша<br>Желі жайды жан-жаққа.<br>Бақта құс та сайрады,<br>Құйқылжытып сан-саққа<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып.<br>Арам шөпті жұламын.<br>**Бақылау.**<br>Үлкендердің жұмысы жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Жұмысқа қажет құрал-саймандармен таныстыру (тырнауыш, күрек, | **Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап.<br>(Бақбақ)<br>**Бақылау.** Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру)**<br>Балалалардың ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту. **Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)** Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніНдегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. **Өз бетімен ойындар.** Айналмамен ойнау. **(дене шынықтыру)** Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін | көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту. **Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру)** Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз | бөліп алуға келісу, бірлескен тапсырманы өз уақытында аяқтау іскерліктерін қалыптастыру. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Өзіндік ойнау, өзін-өзі басқара білуге үйрету. | суқұйғыш т.б.). Бағбанның жұмысының нәтижесіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын. «Біз көңілді балалар». (дене шынықтыру)** Құрдастары және ересектермен жағымды эмоционалдық қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. **Еңбек.** Гүлдерді күтуде бағбанға көмек. **(еңбек дағдылары)** Тапсырмаларды орындауға үйрету, жұмысты ұжыммен келісіп орындауға үйрету. **Өз бетімен ойындар.** Доппен ойнау. **(дене шынықтыру)** Доппен ойнау әдістері: жоғары | ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту. **Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)** Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніНдегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. **Өз бетімен ойындар.** Айналмамен ойнау. **(дене шынықтыру)** Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақтау. | ойнау.<br>**Еңбек.** Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру. | | лақтыру, ұстап алу, тебуді бекіту, жылдамдыққа баулу. | сақтау. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Сақина" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Бастаушы шеңбер ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында | **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, | **Ритмикалық жаттығу**<br>Шынығу үшін шымыр боп, (оң қолын жоғары көтереді)<br>Шынығамыз шаршамай. (сол қолын жоғары көтереді)<br>Бұлшық еттер | **"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, | **"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.**<br>Мақсаты: балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек балалардың алақанын ашып, байқатпай біріне беруге тырысады. Балалар бастаушының әрекетін және достарын мұқият бақылайды. Сақинаға ие болған бала басқаларға білдірмеу керек. Белгі бойынша бастаушы: "Сақина, сақина, қане шықшы ортаға!" – дегенде сақина ұстаған бала шеңбер ортасына жүгіріп шығады да, бастаушы болады. Егер ойыншылар белгі бергенге дейін балалардың бірінен сақинаны байқап калса, оны шеңбер ортасына жібермейді. Ондай жағдайда ойынды сол | қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, | шымыр боп, (қолдарын кеуде тұсында кереді) Аламыз сосын тыныс жай. (төменнен жоғары әкеліп, дем шығарады) **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсаты: балалардың ойыншықтар туралы білімдерін бекіту, шығармашылық ойлауын, өзара өнімді қарым-қатынас орнату біліктіліктерін дамыту, заттардың қасиетін анықтауға деген қызығушылықтарын арттыру . Керекті құрал- | білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Барысы. Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады. Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл | Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жакқа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру. Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет.<br><br>**Театрландырылған қойылым. "Алма" ертегісі** Мақсаты: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Алма пішіні, костюмдер, ертегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастаушы қайта жалғастырады. **(дене шынықтыру)** | Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар | жабдықтар: дамытушылық ойыншықтар (машинкалар, пластикалық қуыршақтар, Лего ойыншықтары, Киндер тосынсый-ойыншықтары). Барысы. Балалар өз еркімен немесе топтың қалауы бойынша (ойыншылар) шеберлер рөліне тағайындалады. Педагог олар үшін арнайы бұрыш ұйымдастырып, оны безендіреді. Ойыншы балаларға бұзылған ойыншықты әкеледі, шеберге көрсетеді, шебер зерттеп, бұзылған ойыншықты жөндейді. | жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді". **Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша".** Мақсаты: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар. | кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі). Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады. Басынан автор рөлін педагог өзі алады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | Барысы.<br>Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды таңдап, белгіленген бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды. | болады.<br>Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді. |

|  |  |  |  |  |  |  |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаз мезгілі туралы тақпақтар жаттау.**<br>Жарқын жаз<br>Көл жағалай көп құстар<br>Ұшып-қонып жатады.<br>Қиқуласып әр тұстан<br>Сызылтып үн қатады.<br><br>Дөңгеленіп төбеден,<br>Сәулесін күн төгеді.<br>Жарқын жаздың не деген,<br>Жасыл түсі көп еді.<br>А.Омарова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Театрды сахналау.**<br>Балалар еркін жұмыс таңдайды, кез-келген ертегіні сахналайды.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жаз" (сюжеттік суреттерді қарастыру) тақырыбына әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Ата-аналарға кеңес. Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі. | "Жазда баланың демалысын қалай ұйымдастырасыз?" ата-аналарға кеңес. | "Баламен қарым-қатынас жасау мәдениеті" тақырыбында кеңес. | Ата-аналар кеңесін сайлау және жұмысын жоспарлау. |